

## Көшені қайта атау туралы

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімінің 2016 жылғы 23 қарашадағы N 15 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 20 желтоқсанда N 5676 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына, Қызылорда облыстық ономастика комиссиясының 2016 жылғы 21 қыркүйектегі № 3 қорытындысына сәйкес Жалағаш ауданы Мақпалкөл ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жалағаш ауданы Мақпалкөл ауылдық округі Мақпалкөл ауылындағы "Ә.Оңалбаев" көшесі "Мақсұт Нұрылдаев" есімімен қайта аталсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мақпалкөл ауылдық округі әкімі*

*Б.Тұңғышбаев*